

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 4 сәуірдегі № 143 Бұйрығы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес күші жойылды деп танылсын.

2. Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті осы бұйрықты Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінен алып тастау үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры А.В. Кулиничке және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне (Қ.С. Тыныбеков) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш қол қойылған сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр *С. Баймағанбетов*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 4 сәуірдегі № 143 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің күшін жойған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1) "Қалалық, аудандық (басқармалар) ішкі істер органдарының жанындағы медициналық айықтырғыш туралы Ережені, медициналық айықтырғыштарға жеткізілетін адамдарға медициналық көмек көрсету жөніндегі және медициналық айықтырғыш жанындағы профилактика кабинетінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1996 жылғы 25 қаңтардағы № 37 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 324 болып тіркелген);

2) "N 324 болып тіркелген "Қалалық, аудандық (басқармалар) ішкі істер органдарының жанындағы медициналық айықтырғыш туралы Ережені, медициналық айықтырғыштарға жеткізілетін адамдарға медициналық көмек көрсету жөніндегі және

медициналық айықтырғыш жанындағы профилактика кабинетінің жұмысын ұйымдастру жөніндегі Нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1996 жылғы 25 қаңтардағы N 37 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 10 қыркүйектегі № 526 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3137 б о л ы п т і р к е л г е н) ;

3) "Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оналту орталықтары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 25 желтоқсандағы № 708 бұйрығы(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3360 болып тіркелген);

4) ""Қалалық, аудандық (басқармалар) ішкі істер органдарының жанындағы медициналық айықтырғыш туралы Ережені, медициналық айықтырғыштарға жеткізілетін адамдарға медициналық көмек көрсету жөніндегі және медициналық айықтырғыш жанындағы профилактика кабинетінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1996 жылғы 25 қаңтардағы N 37 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 7 желтоқсандағы № 667 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3983 болып тіркелген), 2006 жылғы 20 қаңтарда № 8-9 (815) "Заң газетінде" жарияланған.